

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарлық күшіне енген сәтінде сайланған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшелеріне айлық есеп айырысу көрсеткішінің 60 есе теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Президентінің ай сайынғы өмірлік стипендиялары белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.20. N 1945 , 2005.02.22. N 163 қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдан бастап стипендияға арналған шығындарды республикалық бюджетте көздеп, 1996 жылы стипендиялар төлеу үшін қажетті ақша қаражатын іздестірсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі